

## Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 10 шілдедегі № 20-VIII ҚРЗ

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 456-1-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші және екінші бөліктерінде" деген сөздер "бірінші бөлікте" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-тарау мынадай мазмұндағы 456-2-баппен толықтырылсын:

"456-2-бап. Жалған ақпарат орналастыру, тарату

1. Бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында, ашық деректердің интернет-порталында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен жалған ақпарат орналастыру, тарату –

лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес үйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес үйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қоғамдық тәртіптің, азаматтардың немесе үйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына жағдай жасайтын жалған ақпаратты орналастыруы, таратуы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес үйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, шағын қәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта қәсіпкерлік субъектілеріне – бір жұз, ірі қәсіпкерлік субъектілеріне екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, инфлюенсерлер (блогерлер) жасаған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, шағын қәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта қәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі қәсіпкерлік субъектілеріне бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, шағын қәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта қәсіпкерлік субъектілеріне – бір жұз жиырма, ірі қәсіпкерлік субъектілеріне екі жұз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе: Осы баптың бесінші бөлігінің мақсаттары үшін инфлюенсер (блогер) деп қәсіпкерлік қызмет мақсатында адамдардың белгісіз тобына бағытталған ақпаратты онлайн-платформаларда жариялайтын онлайн-платформаны пайдаланушы түсініледі.";

3) 684-баптың бірінші бөлігі "456-1," деген цифrlардан кейін "456-2," деген цифrlармен толықтырылсын;

4) 804-баптың бірінші бөлігі "453," деген цифrlардан кейін "456-2 (үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 805-баптың бірінші бөлігі "456-1," деген цифrlардан кейін "456-2 (бірінші және екінші бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 807-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "132 және 456-1," деген сөздер "132, 456-1 және 456-2 (бірінші және екінші бөліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казакстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ